

ОӘЖ 336.647

## **КӘСІПОРЫННЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ТӨЛЕМ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН НЫҒАЙТУ ЖОЛДАРЫ**

**Аширова Гулмира Асильевна**

*Guma\_ashirova\_30@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы Жамиева А.Е.

Қазіргі кезде нарықтық экономикалық жағдайларда қаржылық тұрақтылық пен төлем қабілеттілік – кәсіпорынның өмір сүру кепілі мен тұрақты жағдайын сипаттайтын негізгі көрсеткіштер болып табылады. Егер кәсіпорынның жағдайы қаржылық тұрақты, төлем қабілеті бар болса, онда кәсіпорынның несие алу, инвестиция тарту, жеткізулерді таңдау және де кәсіби-білікті мамандарды жинау барысында сол шаруашылық саласындағы басқа да кәсіпорындар алдында бірқатар артықшылықтарға ие болады. Кәсіпорынның тұрақтылығы жоғары болған сайын, ол нарықта болатын кез-келген экономикалық өзгерістерден тәуелсіз болады және банкроттылыққа ұшырау жағдайы төмен болады.

Қазақстандағы қазіргі экономикалық жағдай: жоғары тәуекелмен, қоршаған ортада қалыптасып жатқан ішкі және сыртқы факторлармен тікелей байланысты. Кәсіпорындардың ең негізгі мақсаты – құнды өсіру, төлем қабілеттілік пен қаржылық тұрақтылықты сақтау, яғни күтпеген жағдайда пайда болатын міндеттемелер бойынша төлем жасау жағдайында болу. Егер кәсіпорынның жүргізіп отырған шаруашылық қызметі тиімді болса, онда кәсіпорындағы қаржылық жетіспеушілік айналым капиталын басқарудағы мәселелермен байланысты болуы мүмкін. Шаруашылық қызметін қаржыландыру қабілеті, қаржылық тұрақтылық пен төлем қабілеттілікті бір деңгейде ұстау кәсіпорынның қаржылық жай-күйінің тікелей көрінісі болып табылады. Ұйымның қаржылық жай-күйін 3 санатқа бөліп қарауға болады: банкротты, тұрақсыз және тұрақты. Өндірістік, қаржылық және коммерциялық қызметтің нәтижелері қаржылық жағдайдың тұрақты дәрежесіне әсер ететін негізгі тетік болып табылады.

Қазақстан түрлі бағыттағы шағын кәсіпкерлікті қолдау тұрғысынан алғанда перспективалы және белсенді дамып келе жатқан ел болып табылады. Алайда, отандық кәсіпорындардың басым бөлігі күрделі қаржылық жағдайда және оған көптеген факторлар

әсер етеді. Бұл кәсіпорынды басқаруды ұйымдастырудың дұрыс жүргізілмеуі, тиімсіз қаржы саясаты, ұйымның өндірістік ресурстарды ұтымсыз пайдалануы сияқты көптеген себептерге байланысты. Кәсіпорын басшылығы осындай жағдайларда өз бетінше шешім қабылдай алмайды, сол себепті қаржылық-экономикалық диагностиканы қолдана отырып, кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын арттыруға ықпал ететін ұйымдарға жүгінуге мәжбүр болады.

Кәсіпорынды қаржылық жағдайда талдамас бұрын, ең алдымен «қаржылық жағдай» және «қаржылық тұрақтылық» деген терминдерге жалпы анықтама берейік. Кәсіпорынның қаржылық жағдайы жүргізіліп отырған шаруашылық қызметінің өндірістік, коммерциялық және басқа да қызмет түрлері үшін қажетті қаржылық ресурстармен қамтамасыз етілуі, оларды орналастыру мен пайдаланудың орындылығы мен тиімділігі ретінде, ал демек, кәсіпорынның қаржылық жағдайы басқа шаруашылық жүргізуші субъектілермен қаржылық өзара қарым-қатынастармен, төлем қабілеттілігімен және қаржылық тұрақтылығымен сипатталады.

Қаржылық тұрақтылыққа әсер ететін негізгі факторлар:

- кәсіпорынның нарықтық жағдайы;
- бәсекеге қабілеттілік және ұсынылатын тауарға сұраныс саны;
- қаржыландырудың сыртқы көздеріне тәуекелділік деңгейі;
- төлемқабілеттілік деңгейі;
- шығындардың көлемі және құрылымы, шығындардың табыстарға қатынасы;
- төленген қаржылық капиталдың мөлшері;
- коммерциялық және қаржылық қызметтің тиімділігі;
- кәсіпорындағы мамандардың біліктілік деңгейі.

Қаржылық тұрақтылыққа әсер ететін ең негізгі факторлардың бірі – әлемдік қаржылық дағдарыс болып табылады. Дағдарыс валюта бағамына, инфляцияға және жұмыссыздық деңгейіне, сонымен қатар елдің экономикалық саясатына да тікелей әсер етеді. Мысалға айтатын болсақ, салық салу мөлшерлемесі, отандық өндірушілерге субсидия және т.б.

Қаржылық тұрақтылыққа тікелей әсер ететін факторларды жүйелей отырып свод талдау жасауға болады:

1 – Кесте - Қаржылық тұрақтылыққа әсер ететін факторлар

Ішкі	Сыртқы
Кәсіпорынның салалық ерекшеліктері Өндірілетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтің номенклатурасы мен құрылымы; Кәсіпорын шығындарының көлемі мен құрылымы; Төленген жарғылық капиталдың мөлшері; Резервтердің құрамы мен құрылымы; Басқару мен ұйымдық құрылымның тиімділігі; Мүліктік капитал	Нарықтағы экономикалық шарттар; Сұранысты анықтайтын тұтынушылардың төлем қабілеттілік деңгейі; Валюта бағамының өзгеруі; Мемлекеттің экономикалық, фискалдық және ақша-несие саясаты; Заңнамалық база; Инфляция деңгейі және әлемдегі (мемлекет) дағдарысқа әсер ететін басқа да факторлар; Нарықтағы бәсекелестік; Қаржылық нарықтың даму деңгейі;
Ескерту: [4]	

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын бағалау алгоритмі

Алгоритмнің критерийлері сәйкесінше оның тігінен өтетіні көрсетілген, қарсы жағдайда факторлар коррекциясының төмендеуі қаржылық тұрақтылықтың деңгейіне әсері етеді. Алгоритмнің екінші бөлімінде, бағалау кезеңдерін жүргізу барысында факторларды анықтау үшін уақытша фактор қолданылуы қажет деп есептейміз. Көрсетілген алгоритм

кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын бағалаудың әдісіне негізделген. Ол келесі кезеңдерді қамтиды:

а) 1 кезең – дайындық – қаржылық есептің экспресс-талдауын жүргізу – кәсіпорынның қаржылық механизмдердің жүзеге асуының жалпы мәліметтері, жұмыстың неғұрлым төмен табыстылығының кезеңін айқындайды:

- пассивтердің құрылымын зерттеу;
- активтердің құрылымын зерттеу;
- жабылған құрылымын зерттеу;
- қаржылық тұрақтылық индикаторының есебі.

ә) 2 кезең – негізгі – нақтыланған мәліметтер негізінде бағалау алгоритмі көмегімен қаржылық тұрақтылықты бағалап, алдыға қояр бағыт беруді ұсынады:

- өткен кезеңге – ағымдағы қаржылық тұрақтылықты бағалау;
- кәсіпорынның неғұрлым төмен табысты кезеңдегі жұмысты экспресс – талдау нәтижесінде анықтау;

- кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына қолайсыз уақытта негативті факторлардың әсерін анықтау;

- белгіленген мерзімде кәсіпорынның тиімді жұмыс істеуінің көрсеткішін бағалау;

б) 3 кезең – болжамдық – қаржылық жоспарды құру үшін жағдайларды қарастыру кезеңі болып табылады..

Ұсынылған әдіс ең алдымен қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған, сонымен бірге кәсіпорынның басқа да тиімді қызмет көрсетудің көрсеткіштерін ескеруге көмектеседі және қаржылық жоспарды құру үшін керекті базаны дайындайды. Бағалаудың негізгі және дайындық кезеңдері және де талдау негізінде жүргізілген көрсеткіштер нәтижесін қолдана отырып, кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын болашақта қамтамасыз етуге бағытталған жоспарға айналуы мүмкін.

Аталған әдіс соңғы есеп нәтижелерінде жүргізілген экспресс-талдауда кәсіпорынның ең төменгі көрсеткіштері анықталған, соның негізінде, қайта өңдеуге қаржылық тұрақтылыққа әсер ететін факторларды бақылау ұсынылады.

Төлем қабілеттілік кәсіпорынның қаржылық жағдайын анықтайтын көрсеткіштердің бірі болып табылады.

Кәсіпорынның төлем қабілеттілігі – бұл оның шаруашылық мәмілелерге сәйкес техника мен материалдарды жеткізушілердің төлем талаптарын мерзімінде және толық көлемде қанағаттандыру, несиелерді қайтару, персоналдардың еңбегіне ақы төлеу, бюджеттік төлемдерді төлей алу қабілеті болып табылады.

Кәсіпорынның төлем қабілеттілігі оның қаржылық тұрақтылығының маңызды белгілерінің бірі және сондықтан онымен тығыз байланысты болады. Сол себепті нарық экономикасы жағдайында оған көп көңіл бөлінеді. Кәсіпорынның төлем қабілеттігін талдау баланс өтімділігін талдаудан басталады.

Өтімділіктің екі тұжырымдамасы белгілі. Бірінші тұжырымдама бойынша өтімділік: кәсіпорынның өзінің қысқа мерзімді міндеттемелерін өтеу қабілеті-лігі ұғынылады. Ал екінші тұжырымдама бойынша, өтімділік – бұл ағымдағы активтердің ақша қаражаттарына айналуға дайындығы мен жылдамдығы.

Өтімділік кәсіпорынның сөзсіз төлем қабілеттілігін білдіреді және активтер мен міндеттемелердің арасындағы жалпы сомасы бойынша да, келіп түсу уақыты бойынша да әрдайым теңдікті көрсетеді. Кәсіпорынның өтімділігі шын мәнінде баланс өтімділігін көрсетеді. Сондықтан кәсіпорынның төлем қабілеттілігін бағалау үшін бухгалтерлік баланстың көрсеткіштерін тереңінен зерттеу керек.

Баланс өтімділігін талдаудың мәні – активтегі өтімділік дәрежесі бойынша топталған қаражаттарды пассивтегі міндеттемелермен салыстыруда. Актив пен пассив баптары белгілі бір тәртіппен топталады.

Өтімділік дәрежесіне, яғни ақша қаражаттарына айналу жылдамдығына байланысты кәсіпорын активтері келесідей топтарға бөлінеді:

*А1. Ең өтімді активтер.* Әлемдік тәжірибеде бұларға кәсіпорынның ақша қаражаттарының барлық баптары мен құнды қағаздары жатады.

*А2. Тез өткізілетін активтер.* Бұларға қысқа мерзімді дебиторлық борыш басқа да активтерді жатқызады.

*А3. Баяу өткізілетін активтер.* Бұларға тауарлы-материалдық қорлар жатады.

*А4. Қиын өткізілетін активтер.* Бұлардың құрамында ұзақ мерзімді актив-тер жатқызылады.

Баланс пассивтері оларды қайтару, төлеу уақытының мерзіміне байланысты топтастырылады:

*П1. Негұрлым тезірек төленуге тиісті міндеттемелер.* Бұларға уақытында төленбеген кредиторлық борыш, қарыздар, басқа да қысқа мерзімді міндеттеме-лер, жұмыскерлермен олардың алған қарыздары бойынша есеп айырысу көле-мінен асқан мөлшерде жұмыскерлерге берілген қарыздар жатады.

*П2. Қысқа мерзімді міндеттемелер* – қысқа мерзімді несиелер мен заемдар және жұмыскерлерге арналған қарыздар.

*П3. Ұзақ мерзімді міндеттемелер* – ұзақ мерзімді несиелер мен заемдар.

*П4. Тұрақты міндеттемелер.* Бұған меншікті капитал жатқызылады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. В.Л.Назарова, О.Ю.Когут «Теоретико-методологические аспекты финансовой устойчивости организации в условиях кризиса», Статистика, учет и аудит, 2017 г
2. Байболтаева Н.Ә. «Бухгалтерлік есеп принциптері», Алматы, 2006
3. Радостовец В.К., Ғабдуллин Т., Шмид О.И., «Кәсіпорындағы бухгалтердік есеп»
4. Шеремет А.Д., Сейфуллин Р.С., «Методика финансового анализа», Москва 1995